# 2000 жылға арналған облыстық бюджет туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының II сессиясының 1999 жылғы 23 желтоқсандағы N 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 26 қаңтарда N 53 тіркелді

1. 2000 жылға арналған облыстық бюджет кірістері бойынша 13205603 мың теңге сомасында, ресми алынған трансферттер бойынша - 3278372 мың теңге, өтеулер бойынша - 832967 мың теңге, шығыстар және кредиттеулер бойынша - 16986527 мың теңге. Бюджет профициті - 662700 мың теңге, бюджет профицитін пайдалану (негізгі қарызды өтеу) - -130415 мың теңге.

Қаржы жылы басындағы бюджет қаражатының еркін қалдықтарын пайдалану - 232285 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 7, өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3, өзгерді және толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1, өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімдерімен.

2. Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" және "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңдарына сәйкес облыстық бюджеттің кірістері:

а) бюджетке салықтар, алымдар және басқа міндетті төлемдерден түсімдер:

- республикалық бюджетке және облыстың аудандары мен қалаларының бюджеттеріне есептелетін сомалардан басқа заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы, әлеуметтік салық және акциз салығы;

- қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқы үшін лицензиялық алым;

- басқа да салықтық түсімдер;

б) салыққа жатпайтын түсімдер:

- жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді орындаудан түсімдер;

- коммуналдық меншіктің мүлкін жалға беруден түсімдер;

- қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті мемлекеттік қорына қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер;

- табиғатты пайдаланушылардан келтірген залалы жөніндегі талаптар бойынша алынған қаржылар, қоршаған ортаны қорғау туралы заңды бұзғаны үшін айыппұлдар, тәркіленген аңшылық және балықшылық құралдарын, заңсыз өнімді өткізуден түскен

қаржылар;

- жергілікті әкімшілік органдарға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге салынатын Қазақстан Республикасының заңдылық актілерінде көзделген әкімшілік айыппұлдары мен санкциялары;

- басқа да санкциялар мен айыппұлдар;

- Қазақстан Республикасының заңдылық актілерінде көзделген басқа да салықтық емес және өзге түсімдер;

в) капиталмен жасалатын операциялардан түсімдер:

- коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдер;

- аймақтар өзін-өзі қамтамасыз ету үшін сатып алынатын астықты өткізуден түсетін түсімдерден құралады деп белгіленсін.

2-1. Облыстық бюджеттің құрамындағы түсімдерде республикалық бюджеттен 200000 мың теңге сомасында трансферттер "2000 республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі" 2000 жылдың 8 қарашасындағы Қазақстан Республикасының N 478 Заңына сәйкес Приозерск қаласының бюджетіне республикалық бюджеттен Приозерск қаласы әкімінің кредиторлық қарыздарын өтеуге қарастырылатыны есепке алынсын.

Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімімен.

3. Облыстық бюджетке түсімдердің құрамында облыстық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша негізгі қарызды өтеу көзделеді.

4. Қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті мемлекеттік қорының мөлшері 120 500 мың теңге сомасында белгіленсін.

Облыстық қаржы басқармасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және табиғат қорғау объектілері бойынша шығындарды қаржыландыруды бекітілген сметаларға сәйкес жүзеге асырсын.

5. 2000 жылға қалалар мен аудандардың бюджеттеріне салықтарды, алымдар мен басқа міндетті төлемдерді, салыққа жатпайтын түсімдерді бөлу мына мөлшерде белгіленсін:

а) заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы бойынша:

Абай, Актоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 20 проценттен;

б) жеке тұлғалардан төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша:

Абай, Актоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 100 проценттен;

в) алкоголь өнімдерінің акциздері бойынша:

Абай, Осакаров аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау, Шахтинск

қалалары - 10 проценттен;

г) ойын бизнесіне акциздер бойынша:

Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 10 проценттен;

д) әлеуметтік салық бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары - 50 проценттен, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары - 10 проценттен;

е) қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті мемлекеттік қорына қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер бойынша:

облыстық бюджетке - 50 процент;

ж) табиғатты пайдаланушылардан келтірген залалы жөніндегі талаптар бойынша алынған қаржылар, қоршаған ортаны қорғау туралы заңды бұзғаны үшін айыппұлдар, тәркіленген аңшылық және балықшылық құралдарын, заңсыз өнімді өткізуден түскен қаржылар бойынша:

облыстық бюджетке - 50 процент.

5-1. Облыс әкімінің "Жыл басындағы бюджет қаражатының еркін қалдығы есебінен қаражат бөлу туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі N 140-ө өкімімен зиянкес шегірткелермен күресуге 10000 мың теңге сомасында және "Мемлекеттік мекемелердің кредиторлық қарыздарын өтеу туралы" 2000 жылдың 28 шілдесіндегі N 163-ө өкімімен аудандар мен қалалардың мемлекеттік мекемелердегі кредиторлық қарыздарын өтеуге 222285 мың теңге сомасында жұмсалғандықтан:

2000 жылдың басындағы бюджет қаражатының еркін қалдықтарын пайдалануға байланысты облыстық бюджеттің көлемі кірістері мен шығыстары бойынша 232285 мың теңгеге ұлғайсын.<*>

Ескерту. 5-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1 шешімімен.

6. Қалалар мен аудандарға 2000 жылға субвенциялар көлемі 2507735 мың теңге мөлшерінде белгіленсін, оның ішінде:

| | мың теңге |
|---|---|
| Ақтоғай - | 82373 |
| Бұқар жырау - | 271978 |
| Жаңаарқа - | 171115 |
| Қарқаралы - | 510476 |
| Нұра - | 184266 |
| Осакаров - | 205034 |
| Қаражал - | 137497 |
| Приозерск - | 210302 |
| Саран - | 268356 |

Шахтинск - 150223
Абай 137004
Ұлытау 63897
Шет 115214

Ескерту. 6-тармақ өзгерді және толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3, өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімдерімен.

7. Қалалар мен аудандардың бюджеттерінен 2000 жылға бюджеттік алулар 1969937 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

мың теңге

Балқаш - 1149
Жезқазған - 2330698
Қарағанды - 52444
Теміртау - 641479

Қалалық, аудандық бюджеттерден облыстық бюджетке бюджеттік алу жөніндегі түсімдердің жалпы көлемі төмендеген жағдайда, облыстық бюджеттен қалалық, аудандық бюджеттерге субвенциялардың жалпы көлемі қалалар мен аудандар бойынша сол сомаға пара-пар мөлшерде кемітілуі мүмкін.<*>

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімдерімен.

8. Облыстық бюджеттің құрамында мынадай шығыстар көзделгені ескерілсін:

- балалары бар отбасыларға көмек;
- 7 жасқа дейінгі төрт және одан көп баласы бар жұмыс істемейтін аналарға жәрдемақы төлеуге;
- үйде оқитын мүгедек балаларды тәрбиелеуші отбасыларын материалдық қамсыздандыруға;
- СПИД вирусымен зақымдалған балаларға жәрдемақы төлеуге.
- қалалық көлікті дамытуға;
- аз қамтамасыз етілген азаматтардың жеңілдікпен жол жүрулеріне;
- Қарағанды және Теміртау қалаларында жол қозғалысын реттеу жөніндегі жабдықтар мен құралдарды пайдалануға. <*>

Ескерту. 8-тармақ толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3 шешімімен.

8-1. 2000 жылға арналған облыстық бюджетте адресті әлеуметтік көмек көлемі 106597 мың теңгеге ұлғайтылсын.<*>

Ескерту. 8-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3 шешімімен.

9. 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрғын үйді ұстап тұру және коммуналдық қызметтерді төлеуге белгіленген тізбесі бойынша ішкі әскерлердің әскери қызметтеріне және әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ ішкі істер органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптағы бөлімшелері қызметкерлеріне ақшалай өтемақы төлеу облыстық бюджеттің және қалалар мен аудандардың бюджеттерінің есебінен айына 3430 теңге болып белгіленсін.

10. Қалалар мен аудандар бюджеттерінің шығыстары құрамында мынадай қаржыландыру көзделгені ескерілсін:

- бала туына;

- жұмыс істеген азаматтарды жерлеуге;

- тұрғын үй жәрдемақысын беруге.

11. "Жергілікті деңгейде жалпы білім беретін оқу" жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша қаражат мөлшері қалалар мен аудандар бойынша мына сомадан кем болмауға тиіс деп ескерілсін:

| | мың теңге |
|---|---|
| Абай | 240000 |
| Ақтоғай | 119000 |
| Балқаш | 177842 |
| Бұқар жырау | 262384 |
| Жаңаарқа | 130200 |
| Жезқазған | 335566 |
| Қарағанды | 1045714 |
| Қаражал | 77000 |
| Қарқаралы | 273000 |
| Нұра | 180000 |
| Осакаров | 198104 |
| Приозерск | 15500 |
| Саран | 106500 |
| Теміртау | 345345 |
| Ұлытау | 99000 |
| Шахтинск | 146000 |
| Шет | 184805 |
| Облыстық | 339860<*> |

Ескерту. 11-тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 карашадағы N 1 шешімдерімен.

12. Орта жалпы білім беруге қалалар мен аудандар бюджеттерінің шығысында жалпы білім беретін бағдарлама шеңберінде 5 (6) жастағы балаларды мектеп алдындағы міндетті дайындыққа қаржыландыру көзделгені ескерілсін.

13. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында білім департаменті жанынан тұрақты жұмыс істейтін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұйымдастыруға 1092 мың теңге көзделсін.

14. Қалалар мен аудандар бюджеттер шығыстары құрамында білім беруге мынадай бағдарламалар бойынша қаржыландыру көзделгені ескерілсін: "Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды субсидиялау", "Отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен балалар қабылдаған отбасыларды субсидиялау" және "Жергілікті деңгейде балалар мәдени шаралар ұйымдастыруды субсидиялау".

14-1. Облыстық бюджеттің шығысы құрамында жалпы білім беретін күндізгі мектептерді компьютерлеуге 50000 мың теңге қарастырылсын.<*>

Ескерту. 14-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3 шешімімен.

15. Қарағанды қаласы бюджетінің шығыстары құрамында Қарағанды мемлекеттік қалалық мұрағатын ұстап тұруға қаржы көзделгені ескерілсін.

16. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында облыстық газеттердің редакцияларына мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалған жұмыс көлемі үшін 25 000 мың теңге сомасында қаржы бөлу көзделсін.

17. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында жергілікті деңгейде телерадиохабары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізуге 6950 мың теңге көзделсін.<*>

Ескерту. 17-тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімімен.

18. Қалалық, аудандық бюджеттер мен облыстық бюджет шығыстары құрамында спорт пен туризмге жаңадан енгізілген "Жергілікті деңгейде балалармен спорттық шаралар ұйымдастыруды субсидиялау" бағдарламасы бойынша қаражат бөлу көзделгені ескерілсін.

19. "Селолық жердегі амбулаториялық ұйымдарда халыққа алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету", жергілікті бюджеттік бағдарламасы бойынша қаражат мөлшері мына сомадан кем болмауға тиіс деп ескерілсін:

| | мың теңге |
|---|---|
| Жезқазған қаласы | 2361 |
| Облыс | 115 224 |

20. Облыстық бюджет пен қалалар бюджеттерінің шығыстары құрамында медициналық көмектің тегін кепілді көлемі бойынша және "Жергілікті деңгейде қан (ауыстырушы) өндіру", "Жергілікті деңгейде салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары", "Қор ұстау үлгісі бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек

көрсету", "Жергілікті деңгейде халыққа мамандандырылған көмекті қоса тұрақты медициналық көмек көрсету", "Азаматтардың жекелеген санаттарын аурулардың түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен қамсыздандыру", "Азаматтардың жекелеген санаттарын балалар мен емдік тағамның арнайы азық-түлігімен қамсыздандыру", "Жедел жәрдем көрсету" бағдарламалары арқылы қор ұстау үлгісі бойынша қаржыландыруға қаражат көзделгені ескерілсін.

21. Аудандар бюджеттерінің шығыстары құрамында "Азаматтардың жекелеген санаттарын аурулардың түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен қамсыздандыру" және "Азаматтардың жекелеген санаттарын балалар мен емдік тағамның арнайы азық-түлігімен қамсыздандыру" бағдарламалары бойынша медициналық көмектің тегін кепілді көлемі бойынша мемлекеттік тапсырысты қаржыландыруға қаражат көзделгені ескерілсін.

22. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында "Қор ұстау моделі бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету" және "Жергілікті деңгейде халыққа мамандандырылған көмекті қоса тұрақты медициналық көмек көрсету" бағдарламалары шеңберінде қаржыландыратын селолық аудандардың денсаулық сақтау мекемелеріне қаражат көзделсін.

23. Облыстық бюджетте "Шұғыл медициналық көмек орталықтары" бағдарламасы бойынша төтенше оқиғалар пайда болғанда және зардаптарын жоюда шұғыл көмек үшін 5568 мың теңге көзделсін.

24. Облыстық бюджеттің денсаулық сақтауға шығыстары құрамында ауруханаларға түскен тұрмысы төмен азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамсыздандыру үшін, сондай-ақ қымбат тұратын аппараттармен тексеру үшін қаражат көзделгені ескерілсін.

25. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында 1998 жылғы қараша айы үшін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, стипендиялар, бұрын ФОМС қаржысы есебінен қаржыландырып келген мекемелер қызметкерлерінің жалақысы және міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегін өтеуге қаражат көзделсін.

Көрсетілген берешектер 2000-жыл бойы облыстық бюджетке кірістер түсуіне қарай өтелсін.

25-1. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының күші бар "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылдың 19 маусымындағы N 2335 Заңының 32, 41, 44 баптарына сәйкес денсаулық сақтау коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорындарының (КМҚК) мемлекеттік тапсырыс ауқымында, жабдықтаушылардың алдындағы тауарларына (қызметтеріне) өткен жылдардағы кредиторлық қарыздарын өтеу үшін облыстық бюджеттегі шығыстардың құрамында 189322 мың теңге қарастырылсын.

Білім беру КМҚК-ның жабдықтаушылар алдындағы тауарларына (қызметтеріне), мемлекеттік тапсырыс ауқымындағы шартты міндеттемелері бойынша өткен

жылдардағы кредиторлық қарыздарын өтеуді, 6809 мың теңге сомасында білім беру Департаменті жасайтыны есепке алынсын.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен білім беру Департаменті мемлекеттік тапсырысты орындауға бекітілген смета шегінде қабылданған КМҚК-ның шартты міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарын өтеуге бөлінген қаражаттарының мақсатқа жұмсалуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 25-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4, өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімдерімен.

26. Приозерск, Қарағанды, Саран қалалары мен Осакаров ауданы бюджеттерінің шығыс бөліктерінде "Жылумен жабдықтау кәсіпорындарын қысқа дайындау жөніндегі шаралар" жаңадан енгізілген бағдарламасы бойынша коммуналдық меншіктің қазандықтарын жөндеуге және отынның қорын жасауға қаражат көзделгені ескерілсін.

27. Облыстық бюджеттің ауыл шаруашылығына шығыстары құрамында зиянкестер және өсімдік ауруларымен күрес жөніндегі шараларға 20000 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 27 тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімімен.

27-1. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 04 қыркүйектегі N 840 "Қазақстан Республикасының базарларында товар сату құқығы үшін төлемдер мен алымдар ставкасының тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" және 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 457 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 840 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қаулыларына сәйкес облыс әкімінің 2000 жылғы 01 ақпандағы N 08 шешімімен құрылған "Облыс базарларында товар сату құқығы үшін алым жинау жөніндегі басқарманы" жергілікті атқарушы органдар құрылымында ұстауға 26599 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 27-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 7 шешімімен.

28. Облыстық бюджеттің шығыстары құрамында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17.07.99 ж. N 994 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.04.99 ж. N 405 Қаулысын орындаудың жекелеген мәселелері" Қаулысы негізінде жергілікті атқарушы органдар құрылымында құрылған коммуналдық меншікті басқару департаментін ұстап тұруға қаражат көзделсін.

Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыруға 1260 мың теңге және коммуналдық меншік мүліктерін сатып алуға 20000 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 28-тармақ толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 7 шешімімен.

29. Облыстық бюджетте қызметін басым өндіріс салаларында жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлікті қаржылық жағынан қолдауға 50.000 мың теңге көзделсін. Соның

ішінде: 5000 мың теңге шағын кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдастыруға, 45000 мың теңге жергілікті деңгейде шағын кәсіпкерлікті дамытуға несие беруге.

Облыстық бюджетте ауылшаруашылық товарларын өндірушілерге несие беруге 30000 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 29-тармақ толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 7 шешімімен.

29-1. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында экономика саласын кредиттеуге 300000 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 29-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4 шешімімен.

29-2. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында облыстың қалаларындағы қалалық көлікті дамытуға 250000 мың теңге қарастырылсын.

"Жолаушылар көліктері басқармасы" Қарағанды облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының бастығы Е.А. Кирсановтың қалалық көлікті дамытуға бөлінген қаражат қоғамдық көліктердегі билеттердің құнын тұрақтандыруға және аз қамтылған азаматтардың жүруіне жеңілдіктер төлеуіне жұмсалатыны жөніндегі сендірген мәліметі қабылдансын.

Ескерту. 29-2 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4 шешімімен.

29-3. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында астық жинайтын комбайндар сатып алуға, әрі қарай нан және нан-тоқаш өнімдері бағасының өсуін тоқтату мақсатында астық қорын құру үшін 250000 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 29-3 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4 шешімімен.

30. Облыстық бюджеттің, қалалар мен аудандар бюджеттерінің шығыстары құрамында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 6.07.99 ж. № 934 "Жергілікті қаржы органдары туралы" Қаулысы негізінде жергілікті қаржы органдарын ұстап тұруға қаражат бөлінгені ескерілсін.

31. Облыстық бюджетте бюджет қаражаты есебінен орындалған ұйымдардың міндеттемелері бойынша бұрынғы жылдары пайда болған кредиторлық берешекті шаруашылық субъектілерінің 207567 мың теңге мөлшеріндегі бюджетке төлемі бойынша берешектерін өтеу жолымен өтеу көзделсін.

Көрсетілген берешектерді өтеу жөнінде есеп айырысуды өткізу тәртібі, сондай-ақ осы есептерге қатысушы субъектілерді облыс әкімі белгілейді.

Ескерту. 31 тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімімен.

31-1. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында 1055430 "Басқа трансферттер" бағдарламасы бойынша қалалардың бюджеттерінде кредиторлық қарыздарды өтеуге, коммуналдық қызметтерді төлеуге басқару органдарын

компьютерлендіруге 299948 мың теңге қарастырылсын:
Балқаш 29550 мың теңге
Қарағанды 146064 мың теңге
Теміртау 124334 мың теңге

Ескерту. 31-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4 шешімімен.

31-2. Облыстық бюджеттің "Басқа трансферттер" шығындарының құрамында мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге: жұмыспен қамтушылардың жарнасы мен мемлекеттік мекемелердің коммуналдық қызметін төлеуге 2000 жылдың желтоқсан айына қалалардың бюджеттері бойынша 739957 мың теңге сомасында қарастырылсын:
Балқаш 37870 мың теңге
Қарағанды 405772 мың теңге
Теміртау 96315 мың теңге
Приозерск 200000 мың теңге

Ескерту. 31-2 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 карашадағы N 1 шешімімен.

32. Облыс әкімінің Резерві 136639 мың теңге мөлшерінде бекітілсін.

Ескерту. 32-тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 7, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімдерімен.

33. Облыстық бюджетке 1.01.2000 жылға дейін несиелер бойынша өтелмеген берешектері бар қалалар мен аудандардың Мәслихаттарын 2000 жылға арналған тиісті бюджеттерінде осы берешекті мынадай көлемдерде өтеуге қаржы бөлуді көздеу міндеттелсін.

Облыс әкімі облыстық бюджетке қалалар мен аудандардың 1.01.2000 жылға дейін жиналған берешектерін қайтару тәртібін жасасын.

мың теңге

| | |
|---|---|
| Абай | 37767 |
| Ақтоғай | 34975 |
| Бұқар Жырау | 43321 |
| Жаңаарқа | 30279 |
| Қарқаралы | 55504 |
| Нұра | 19292 |
| Осакаров | 46532 |
| Шет | 22311 |
| Балқаш | 48674 |
| Жезқазған | 130000 |
| Қарағанды | 66697 |

Қаражал 60938
Саран 73000
Теміртау 45317
Шахтинск 30393

Аудандар мен қалалар әкімдері несиелерді қайтарудың белгіленген тәртібіне сәйкес несиелерді қайтару кестесін дайындасын және бекітсін. <*>

Ескерту. 33-тармақ өзгертілді және толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3 шешімімен.

34. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимиті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде белгіленсін.

35. Облыстық қаржы басқармасы сот және құқық қорғау органдарымен бірге 2000 жылдың аяғына дейін өткен жылдары шаруашылық субъектілеріне қайтарым негізінде берілген қаржыларды және шаруашылық субъектілері үшін кепіл ретінде облыстық бюджеттің шотынан шығарылған қаржыларды облыстық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

36. Облыстық бюджетте облыс әкімінің қарызын өтеуге 362700 мың теңге көзделсін .

Ескерту. 36-тармақ өзгертілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 қарашадағы N 1 шешімімен.

37. Облыстық бюджеттің кіріс бөлігі толық орындалмағанда бірінші кезекте әлеуметтік саланы ұстап тұруға шығындар қаржыландырылады деп белгіленсін.

38. 2000 жылға арналған облыстық бюджетте "Жергілікті деңгейде жалпы білім беретін оқу", "Селолық жердегі амбулаториялық ұйымдарда халыққа алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету" бағдарламалары бойынша шығыстар және жалақы төлеу мен жұмыс берушілердің жарналары, стипендиялар, тамақтандыру, дәрі-дәрмектер бағдарламалары бойынша шығыстар қысқартуға жатпайды деп белгіленсін.

39. Жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге мемлекеттік тапсырыс негізінде бағдарламалар, кіші бағдарламалар орындауға облыстық бюджеттен бөлінген қаржы конкурстық негізде орындалсын деп белгіленсін. Конкурстық комиссия құрамына облыстық Мәслихаттың депутаттары В.Ф. Самойлюк, Р.С. Кәренов, облыстық Мәслихаттың тексеру комиссиясының мүшелері және бағдарламалардың әкімші мекемелерінің өкілдері енгізілсін. Тендердің шарты мен қорытындылары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

40. Өзара төлемсіздікті жою жөніндегі комиссияның құрамына облыстық Мәслихаттан депутаттар С.Қ. Қойшанов, Н.В. Абт енгізілсін.

41. 2000 жылдың 1 наурызына дейін Қарағанды қаласындағы "Сарыарқа" әуежайының құрылысына 1992-1998 жылдары бюджеттен және бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаржылардың орынды жұмсалуы мен қайтарылуы тексерілсін.

Тексеру үшін мына құрамда уақытша депутаттық топ құрылсын:
- Р.С. Кәренов - төраға
Комиссия мүшелері:
- К.Ж. Сәрсембаев
- В.Э. Кист
- Ю.Н. Бобнев
- И.Ш. Борчашвили

Комиссияға тиісті ведомстволардан қажет құжаттарды сұрату, тиісті тексеріс жүргізу, жекелеген мәселелерді анықтау үшін ведомстволар мен "Сарыарқа" әуежайы қызметкерлерін тексеруге шақыру құқы берілсін. Жұмыстың нәтижесі облыстық Мәслихаттың III сессиясында хабарлансын.

42. Облыс әкімі К.Е. Мұхамеджановқа 2000 жылдың аяғына дейін облыста салық базасын өсіру және көлеңкелі бизнеспен күрес жөніндегі бағдарлама жасап, облыстық Мәслихатқа бекітуге беру ұсынылсын.

43. Облыстық дәрежедегі зейнеткерлерге қосымша ақы төлеу мәселесін құқықтық жағынан зерттеу үшін облыс әкімі, сессияның төрағасы және облыстық Мәслихаттың хатшысы әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия, облыстық ардагерлер кеңесі 30.12.99 ж. дейін тең жағдайда комиссия құрсын , оның құрамына зейнеткерлердің ынталы тобынан Н.Т. Төкешев енгізілсін. Комиссия қорытындыны 1.02.2000 ж. дейін ұсынсын.

44. Облыстық қаржы басқармасы бюджеттік жіктеме өзгерген жағдайда осы шешімге қосымшаны бюджеттік жіктеменің жаңа редакциясына сәйкестендірсін.

45. Облыстық қазынашылық басқармасы салықтарды, алымдарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді, салыққа жатпайтын және басқа түсімдердің бөлінісін 2000 жылға арналған жергілікті бюджеттердің жекелеген түрлері арасында осы шешіммен бекітілген нормативтер бойынша қамтамасыз етсін.

Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Сессияның төрағасы*

Облыстық Мәслихаттың
23.12.1999 ж. II сессиясының
N 2 шешіміне қосымша<*>

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық Мәслихатының III сессиясының 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 7, Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2000 жылғы 22 маусымдағы N 3, Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1, Қарағанды облыстық Мәслихатының VI сессиясының 2000 жылғы 31 қазандағы N 4, Қарағанды облыстық Мәслихатының 2000 жылғы 30 карашадағы N 1 шешімдерімен.

# ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕСКЕРІЛГЕН 2000 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ

| Санат | Сынып | Сыныпша | Ерекшелік | Атаулары | 2000 жылғы 31 қарашаға нақтыланған бюджет |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | Түсімдер | 17116942 |
| | | | | Кірістер | 13205603 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 12999618 |
| | 1 | | | Кірістерге салынатын табыс салығы | 3935225 |
| | | 1 | | Заңды тұлғалардан табыс салығы | 3936225 |
| | | | 1 | Резиденттерден - заңды тұлғалардан табыс салығы | 3128647 |
| | | | 2 | Резиденттер емес - заңды тұлғалардан табыс салығы | 60140 |
| | | | 3 | Резиденттерден - заңды тұлғалардың төлем көздерінен алынатын табыс салығы | 34038 |
| | | | 4 | Резидент емес заңды тұлғалардың төлем көздерінен алынатын табыс салығы | 712400 |
| | 3 | | | Әлеуметтік салық | 8736641 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 8736641 |
| | 5 | | | Тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 119872 |
| | | 2 | | Акциздер | 19649 |
| | | | 2 | Арақ | 63600 |
| | | | 4 | Шарап | 184 |
| | | | 7 | Сыра | 52760 |
| | | | 8 | Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар | 2800 |
| | | | 23 | Ойын бизнесі | 305 |
| | | 4 | | Кәсіпкерлік пен кәсіби қызмет жүргізуге алымдар | 223 |
| | | | 2 | Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензиялық алымдар | 223 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | | | | Басқа да салықтар | 207880 |
| | 1 | | | Басқа да салықтар | 207880 |
| | | 2 | | Жергілікті бюджетке түсетін қарыздар | 207567 |
| | | 9 | | Басқа да салықтық түсімдер | 313 |
| 2 | | | | Салыққа жатпайтын түсімдер | 52101 |
| | 2 | | | Әкімшілік алымдар мен төлемдер, коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын түсімдер | 151386 |
| | 1 | | | Әкімшілік алымдар | 124721 |
| | | 8 | | Мемлекеттік мекемелер ұсынған қызметтен түскен түсімдер | 4221 |
| | | 12 | | Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер | 120500 |
| | 3 | | | Басқа төлемдер мен коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер | 26665 |
| | | 1 | | Коммуналдық меншікті жалға беруден түсетін түсімдер | 26665 |
| 3 | | | | Айыппұлдар мен санкциялар бойынша түсімдер | 715 |
| | 1 | | | Айыппұлдар мен санкциялар бойынша түсімдер | 715 |
| | | 1 | | Мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар | 140 |
| | | 9 | | Басқа да айыппұлдар мен санкциялар | 55 |
| | | 10 | | Табиғат қорғау заңын бұзғаны үшін айыппұлдар | 520 |
| 3 | | | | Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер | 53884 |
| | 1 | | | Негізгі капиталды сату | 53884 |
| | | 1 | | Негізгі капиталды сату | 53884 |
| | | | 4 | Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер | 53644 |
| | | | 5 | Аймақтардың өзін-өзі қамтамасыз етуі үшін сатып алған, сатылған астықтан түсетін түсімдері | 240 |
| | | | | Алынған ресми трансферттер (гранттар) | 3278372 |
| 4 | | | | Алынған ресми трансферттер (гранттар) | 3278372 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың төменгі тұрған органдарынан трансферттер | 3025770 |
| | | 3 | | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 3025770 |
| | | | 3 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден бюджеттік алымдар | 3025770 |

2 Мемлекеттік басқарудың жоғары органдарынан трансферттер 200000
1 Республикалық бюджеттен трансферттер 200000
1 Ағымдағылар 200000
9 Басқа көздерден 52602
9 Басқа трансферттер 52602
1 Ағымдағылар 52602
Бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша негізгі қарыздарды өтеу 832967
5 Бюджеттен берілген кредиттерді өтеу 832967
1 Бұрын берілген кредиттерді өтеу 832967
1 Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейіндегі өтеу 832967
1 Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейіндегі өтеу 832967

---

---

Функциялық топ
Функция
Мекеме
Бағдарлама

Атаулары

2000 жылғы 31 қарашаға нақтыланған бюджет

---

1 2 3 4 5 6 7

---

II. Шығыстар мен кредиттеулер 17186527
ШЫҒЫСТАР 16811527
1 Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер 481611
1 Мемлекеттік басқарудың жалпы қызметін орындайтын өкілді, атқарушы және басқадай органдар 101060
103 Жергілікті өкілді органдардың аппараты 11844
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 7481
3 Жергілікті органдардың аппараты 7481
30 Депутаттық қызмет 4363
105 Әкімдер аппараты 89216
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 89216
3 Жергілікті органдардың аппараты 89216
2 Қаржылық қызмет 380551
105 Әкімдер аппараты 22950

62 Базарларда тауарларды сатудан түсетін (қызмет және қызмет көрсету) түсімдерді ұйымдастыру 22950
30 Базарларда тауарларды сатудан түсетін (қызмет және қызмет көрсету) түсімдерді жүзеге асыратын өкілетті органдар 22950
259 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық меншіктің атқарушы органы 317509
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 10257
3 Жергілікті органдардың аппараты 10257
30 Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру 6980
31 Коммуналдық меншіктің мүлкін сатып алу 300272
260 Жергілікті қаржы атқару органдары 40092
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 40092
3 Жергілікті органдардың аппараты 40092
2 Қорғаныс 431696
1 Әскери қажеттіліктер 6817
105 Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігі 6817
63 Жалпы әскери міндетті орындауды қамтамасыз ету 6817
2 Төтенше жағдайлар бойынша жұмыстар ұйымдастыру 424879
105 Әкімдер аппараты 424879
31 Азаматтық қорғаныс шараларын қамтамасыз ететін арнайы қоймаларды, материалдық-техникалық басқару пункттерін құру және ұстау 16150
32 Жергілікті деңгейде төтенше жағдайларды жою 408279
30 Мемлекеттік өртке қарсы қызмет 345867
31 Облыстық судан құтқару қызметі 30004
35 Төтенше жағдайларды жою бойынша шаралар 32858
3 Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік 304787
1 Құқық қорғау қызметі 304787
251 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істердің атқарушы органы 289787
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 229600

3 Жергілікті органдардың аппараты 229600
27 Әлеуметтік төлем және еңбекақы бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 8500
28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 46001
30 Жергілікті деңгейдегі қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету 5866
32 Тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу мекемесі 4444
34 Қылмыстық-атқару инспекциясы 1242
274 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жол және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының атқарушы органы 15000
44 Елді мекендердегі жол қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану 15000
4 Білім беру 941155
2 Бастауыш және орта білім беру 517243
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 517243
20 Жергілікті деңгейдегі жалпы білім беру 339860
32 Ерекше режимдегі мектеп-интернаттар 108074
33 Бастауыш, орталау және орта мектептер 28270
34 Мектеп-интернаттар 102732
35 Арнаулы мектеп-интернаттар 100334
32 Жергілікті деңгейде орта білім беру жүйесін ақпараттау 177383
3 Кәсіптік-техникалық білім беру 230427
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 230427
31 Жергілікті деңгейдегі кәсіптік-техникалық білім беру 230427
30 Кәсіптік-техникалық мектептер 220059
31 Арнайы кәсіптік-техникалық мектептер 9868
4 Арнайы орта білім беру 167406

254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 12854
8 Жергілікті деңгейде арнаулы оқу орындарына кадрлар дайындау 12854
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 154552
8 Жергілікті деңгейдегі арнаулы және орта оқу орындарына кадрлар дайындау 154552
5 Кадрларды қайта даярлау 24939
251 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істердің атқарушы органы 11049
11 Жергілікті деңгейде кадрларды қайта даярлау 11049
30 Ішкі істер органдары үшін кадрларды қайта даярлау 11049
Кадрларды қайта даярлау 13890
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 13890
11 Жергілікті деңгейде кадрларды қайта даярлау 13890
6 Мемлекеттік мекемелердің кадрларын қайта даярлау 13890
9 Білім беру саласындағы басқадай қызметтер 1140
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 1140
38 Тұрғындардың балалары мен жасөспірімдерін психикалық тексеру бойынша психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес және көмек көрсету 1140
30 Психологиялық-дәрігерлік педагогикалық кеңес 1140
5 Денсаулық сақтау 2336206
1 Көп салалы ауруханалар 382259
254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 382259
36 Тұрғындарға жергілікті деңгейдегі

стационарлық медициналық көмек көрсету 382259
2 Халықтың денсаулығын қорғау 317740
254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 317740
31 ВИЧ-инфекция науқастарына медициналық көмек көрсету 20854
2 254 33 Эпидемияға қарсы күрес 500
39 Жергілікті деңгейде қауіпті аурулардың алдын алу және күрес 64503
30 Облыстық, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциялары 64503
34 Жергілікті деңгейде қан дайындау 31672
41 Жергілікті деңгейде салауатты өмір салтын насихаттау 1945
45 Балалар мен аналарды қорғау 198266
30 Балалар үйі 67966
31 Балаларға стационарлық көмек көрсету 102648
32 Стационарлық көмек көрсету 27652
3 Мамандандырылған медициналық көмек 553067
254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 553067
30 Психикалық ауытқуы бар науқастарға стационарлық медициналық көмек көрсету 145767
32 Туберкулезбен ауырғандарға стационарлық медициналық көмек көрсету 201531
40 Ұлы Отан Соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің ауруханалары мен емханалары 25181
47 Онкологиялық аурулармен ауырған науқастарға стационарлық медициналық көмек көрсету 89295
48 Алкоголизм, токсикомания және нашақорлықпен ауырғандарға стационарлық медициналық көмек көрсету 20059
49 Тері-венерологиялық аурулармен ауырғандарға стационарлық медициналық көмек көрсету 10540
50 Жұқпалы аурулармен ауырғандарға стационарлық медициналық көмек көрсету 60694

4 Емханалар 264067

254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 264067

35 Ауылды жерлердегі амбулаториялық ұйымдарда тұрғындарға алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсету 115224

46 Амбулаториялық-емханалық ұйымдарда халыққа алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсету 148843

5 Басқа медициналық көмектер 155592

251 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істердің атқарушы органы 31334

31 Әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, олардың жанұяларына медициналық көмек көрсету 31334

254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 124258

37 Жедел жәрдем көрсету 112070

43 ТЖ халыққа медициналық көмек көрсету 12188

30 Шұғыл медициналық көмек орталығы 5568

31 Арнайы мед. жабдықтаудың облыстық базасы 6620

9 Денсаулық сақтау саласындағы басқадай қызметтер 663481

254 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтаудың атқарушы органы 663481

2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 13051

3 Облыстық басқармалардың аппараты 13051

28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 487714

38 Тұрғындардың денсаулығын қорғаудағы басқа да қызметтер 29600

31 Ауру түрлері бойынша жекелеген санаттағы азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету 28600

32 Жекелеген санаттағы азаматтарды балалар тамақтанатын арнайы азық-түлікпен қамтамасыз ету 1000

42 Есепке алу қызметімен қамтамасыз ету 1332
93 Орталықтандырылған бухгалтериялар 1332
44 Орталықтандырылған медициналық жабдықтарды және дәрілік құралдарды сатып алу 131784
6 Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 1009402
1 Әлеуметтік қамсыздандыру 388442
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 97044
33 Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру 97044
30 Балалар үйлері 97044
258 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы 291398
32 Жергілікті деңгейде интернат типтегі мекемелер арқылы әлеуметтік қамсыздандыру 291398
30 Жасөспірім мүгедектерге арналған интернат үйлері мен психоневрологиялық интернат үйлер 67527
31 Қариялар мен жалпы типтегі мүгедектерге арналған интернат үйлер 64794
33 Психоневрологиялық интернаттар 159077
2 Әлеуметтік көмек 521435
105 Әкім аппараттары 88316
60 Аз қамтамасыз етілген жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету 88316
258 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы 4284
57 Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау 4284
33 Техникалық және басқа құралдармен қамтамасыз ету 4284
258 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы 47706
37 Ауылды жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және

мәдениет саласының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету 80

38 ҰОС-ндағы Жеңістің 55-жылдығын мерекелеуді өткізу 47626

258 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы 381129

42 Мемлекеттік мекен-жайға әлеуметтік көмек 381129

9 Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек аумағындағы басқа да қызметтер 99525

258 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы 99525

2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындары 43995

3 Жергілікті органдардың аппараты 43995

25 Жергілікті атқарушы органдардың резервтегі қаражаты есебінен шаралар өткізу 637

27 Еңбекақы және әлеуметтік төлемдер бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 26964

28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 15277

33 Жергілікті деңгейдегі әлеуметтік дәрігерлік экспертиза 12652

30 Облыстық, қалалық және аудандық әлеуметтік дәрігерлік эксперттік комиссия 12652

7 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық 93560

1 Коммуналдық шаруашылық 67560

274 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жол және коммуналдық шаруашылықтың атқарушы органы 67560

42 Коммуналдық шаруашылықты дамыту 67560

30 Коммуналдық шаруашылықты жалпы дамытуды ұйымдастыру 67560

3 Сумен жабдықтау 26000

274 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жол және коммуналдық шаруашылықтың атқарушы органы 26000

40 Ауыз сумен жабдықтау жұмысын ұйымдастыру 26000
8 Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік 541742
1 Мәдениет саласының қызметі 449573
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 449573
35 Жергілікті деңгейде балалар арасында мәдени және спорттық шараларды өткізу 162145
30 Жергілікті деңгейде балалар арасында мәдени шараларды өткізу 33000
31 Жергілікті деңгейде балалар арасында спорттық шараларды өткізу 129145
39 Жергілікті деңгейде спорттық шараларды өткізу 7988
41 Жергілікті деңгейде халықтың мәдени демалыс шараларын өткізу 217330
43 Жергілікті деңгейде ойын-сауық шараларын өткізу 5830
44 Жергілікті деңгейде тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау 51500
51 ҰОС-ндағы Жеңістің 55-жылдығын мерекелеуді өткізу 4780
3 Ақпараттар кеңістігі 92169
105 Әкімдер аппараты 31950
46 Жергілікті деңгейде газеттер мен журналдарды тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу 25000
47 Жергілікті телерадио тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу 6950
261 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мұрағат басқармасының атқарушы органы 21063
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 4055
3 Жергілікті органдардың аппараты 4055
30 Жергілікті деңгейде мұрағат қорларын, басылым өнімдерін сақтау және оларды арнайы пайдалануды қамтамасыз ету 17008
30 Облыстық және қалалық мұрағаттар 17008
263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және

туризмнің атқарушы органы 39156
45 Жергілікті деңгейде ақпараттың жалпыға жетуін қамтамасыз ету 39156
30 Кітапханалар 39156
10 Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау 103150
1 Ауыл шаруашылығы 20000
257 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығының атқарушы органы 20000
32 Өсімдік аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін орындалатын жұмыстар 20000
5 Қоршаған ортаны қорғау 71886
105 Әкімдер аппараты 71886
34 Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын ұйымдастыру 71886
30 Облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау қорлары 6886
31 Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын жүргізу 65000
9 Қоршаған ортаны қорғау су, орман, балық және ауыл шаруашылығы ауқымындағы басқа да жұмыстар 11264
257 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығының атқарушы органы 11264
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 11264
3 Басқару аппараты 11264
25 Жергілікті атқарушы органдардың резервтік қоры есебінен шаралар өткізу
28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу
12 Көлік және байланыс 415000
1 Автомобиль көлігі 415000
274 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жол, көлік және коммуналдық шаруашылықтың атқарушы органы 415000
46 Қалалық көлікті дамыту 310000
50 Жергілікті деңгейде жол жүйесін пайдалану 105000

12 Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету 105000

13 Басқа да қызметтер 549031

3 Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау 5000

272 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын экономика, шағын және орташа бизнесті қолдаудың атқарушы органы 5000

31 Жергілікті деңгейде шағын кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдастыру 5000

9 Басқалар 544031

105 Әкімдер аппараты 412168

25 Жергілікті атқарушы органдардың резервтік қоры есебінен шаралар өткізу

27 Еңбекақы және әлеуметтік төлемдер бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 5400

28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 60562

52 Жергілікті атқарушы органдардың резервтік қоры 136639

58 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша жергілікті бюджеттің кредиторлық қарыздары 207567

61 Өкілеттілік шығындар 2000

263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру, мәдениет, спорт және туризмнің атқарушы органы 86417

2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 36741

30 Жергілікті білім беру органдарының аппараты 15906

31 Жергілікті мәдениет органдарының аппараты 8144

32 Жергілікті спорт және туризм органдарының аппараты 12691

27 Еңбекақы және әлеуметтік төлемдер бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 0

28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 43345

34 Есептік қызметтермен қамтамасыз ету 6331

30 Білім беру ұйымдарының орталықтандырылған бухгалтериясы 3629

31 Мәдениет ұйымдарының орталықтандырылған бухгалтериясы 2702

272 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын экономика, шағын және орташа бизнесті қолдаудың атқарушы органы 26075

2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 26075

30 Экономика органдарының аппараттары 26075

273 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын инфрақұрылым және құрылыстың атқарушы органы 16433

2 Жергілікті деңгейдегі әкімшілік шығындар 3792

3 Жергілікті органдар аппараттары 13792

274 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жол, көлік және коммуналдық шаруашылықтың атқарушы органы 2938

28 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген шарттық міндеттемелері бойынша кредиторлық қарыздарды өтеу 2938

15 Ресми трансферттер 9604187

1 Ресми трансферттер 9604187

105 Әкімдер аппараты 3784285

54 Жергілікті бюджеттің ресми трансферттері 3784285

30 Басқа да трансферттер 1276550

94 Субвенциялар 2507735

119 Қарағанды облысының әкімі 5819902

26 Республикалық бюджетке аударылатын облыстық бюджеттің трансферті 5819902

Несие бөлу 375000

Несие бөлу 375000

10 Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау 30000

1 Ауыл шаруашылығы 30000
257 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығының атқарушы органы 30000
82 Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді несиелеу 30000
13 Басқалар 345000
3 Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау 45000
272 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын экономика, шағын және орташа бизнесті қолдаудың атқарушы органы 45000
80 Жергілікті деңгейде шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін несие бөлу 45000
Басқалар 300000
Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын экономика, шағын және орташа бизнесті қолдаудың атқарушы органы 300000
Экономика саласын қолдау және дамыту үшін несие бөлу 30000
III. БЮДЖЕТТІҢ ДЕФИЦИТІ (ПРОФИЦИТ) 130415
IV. БЮДЖЕТТІҢ ДЕФИЦИТІН (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ -362700
ӨТЕУЛЕР -362700
16 Қаржыландыру -362700
1 Негізгі қарыздарды өтеу -362700
105 Әкімдер аппараты -362700
55 Жергілікті атқарушы органдардың берешегін өтеу -362700
Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтарын пайдалану 232285

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК